

Балабақшамен қоштасу ертеңілігі.

Тақырыбы: «Қош бол, балабақшамыз! Сәлем саған, мектебім!»

Тобы: «Айналайын» мектепалды даярлық

Тақырыбы: Қош бол, балабақшамыз! Сәлем саған, мектебім!

Мақсаттары: Балабақшада өткізген күндеріне шолу жүргізу. Балаларға және көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлау, өнерге деген қызығушылықтарын арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін, сөздік қорларын дамыту. Бір-бірін, залдағы көрермендерді сыйлауға, өзара ынтымақтастыққа, өнер мен білімді сүйеге тәрбиелеу.

Корнекіліктері мен қажетті құрал-жабдықтары:

- Қатырма қағаз бен оракалдан жасалған ұшақ.

- Орындықтар.

- Қағаз гүлдер мен шарлар.

- Жеті жапырақты сикырлы гүл /цветик-семицветик/

- Түрлі дыбыс жазбалары: сикырдың, қонған ұшақтың және хабарлаушы дауысы «Звук волшебства» деген жазба қойылады. Соның дыбысымен залдың ортасына келіп ұшақпен төрт жүргізуші бала қонады да, ішінен шығады. Сөйтіп ертеңгілікті бастайды.

Ұшақтың қонған дыбысы.

Дауыс: Тындаңыздар, тындаңыздар! Құрметті қонақтар, ата – аналар! Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз етуге арналған білім бағдарламасын жүзеге асыру аясында балабақшамен қоштасу ертеңгілігін бастау үшін Бозанбай ауылының «Айгөлек» балабақшасының «Айналайын» мектепалды даярлық тобының бүлдіршіндері «Бақытты балалық шақ» ұшағымен келіп қонды. Ертеңгілік барысында ұялы телефондарыңызды өшіріп, тыныштық сақтап, қолдарыңыздан келгенше әр баламызды қошеметтеп, әр сөздерін мұқият тындап, өнерлеріне тамсанып, қуаныштарын бөлісулеріңізді сұраймыз!

(Ұшақтан төрт бала түседі)

Жүргізуші Алижан: Қайырлы күн, құрметті қонақтар! Бүгінгі біздің қоштасу мерекемізге қош келдіңіздер!

Жүргізуші Юсуф: Добрый день, уважаемые родители, дорогие дети! Гости нашего праздника!

Жүргізуші Парасат: Гуд дэй дие пейрентс чилдрен энд гест! Уэлкэм ту ауэ холедей!

Жүргізуші Юсуф: Сегодня у нас торжественный день мы прощаемся с нашим любимым детским садом. Мы хотим показать все, чему мы научились в детском саду.

Жүргізуші Төребай:

Парасат

Атағым Алатаудай болып биік,

Тұрса да төбем менің көкке тиіп,

Алдыңда әрқашанда тағзым етіп

Тұрамын «тәрбиешім» деп, басымды иіп!

Осы жерде төрт бала екі тәрбиешісін жетектеп ортаға шығарады.

Гүлзәда Жанарбекқызы: Сәлеметсіздер ме, құрметті қауым! Кешке ғана жүректері лүпілдеп, жүрексіне, жан-жағына таңырқай қарап, «Айгөлектің»

табалдырығын аттаған бүлдіршіндеріміздің бүгін балабақшамен қоштасу ертеңгілігінің куәсі болғалы отырсыздар. Балаларыңыздың әрқашанда дендері сау болып, қанаттары талмай, білім нәрімен сусындап, биік шыңдардан көріне беруіне тілектеспін! Сіздерді жақсы қылықтарымен, үлкен нәтижелерімен үнемі қуанта берсін! Әрдайым жүздерінен күлкі кетпесін!

Асима Ағзамқызы:

Қош келіңіз, құрметті қонақтар!
Жүздеріңнен мейірім мен нұр тамар.
Алдарыңда жауқазындай құлпырған
Бұл – алаңсыз балғын шақты
балалар!

Толқимыз! Толқып тұрсыз, баршаңыз да!
Мұндай күй болған, сірә, қаншаңызда
Қол соғып, қошеметтеп шақырайық
Бақшамыздан бүгінде ұшқай тұрған
Әдемі ханзада мен ханшаларды!

Тәрбиешілер сөйлеп біткенде балалар музыка әуенімен залға кіреді. Мен әр баланың толық аты-жөнін айтып тұрамын.

Асима Ағзамқызы:

Құрметті ата-аналар!
«Бала деген, шіркін-ай, балдай екен,
Тәттілігі жая мен жалдай екен.
Арып-ашып даладан келгенінде
Бал иісін таттырып алдайды екен»,
- деп Кенен Әзірбаев атамыз айтқандай, бүлдіршіндеріміздің бал тіліне кезек берейік!

Перизат:

Армысыңдар, үлкен-кіші көрермен.
Кенде емес Перизат қызың өнерден

Ренат – әкем аты, шешем – Зухра
Ән салып, би де билеп беремін мен.

Кәусар:

Уа, жарандар, жарандар,
Бәрің бері қараңдар!
Анасы баққан әлпештеп

Алдарыңа келіп тұр
Бір тал гүлі Шаттықтың
Кәусардайын балаң бар!

Мадина:

Алдыңызға келіп жеттім танысуға
Бойымдағы бар өнерді дарытуға

Әдеппен, ізетпен сәлем бердім
Нұрбекқызы Мадина мен боламын

Нұрай:

Сөйлегенім тым тәтті,
Сәулелі де сымбатты,

Кербез Нұрай қыздарыңыз
Сіздерге қарап тіл қатты.

Дархан:

Данасы болар даламның
Дархан деген баламын.

Көп оқып, көп тоқитын
Білімді мен боламын

Төребай:

Салауатты өмір санамда
Мақсат қылмай қалам ба?

Жетелеген арманым
Төребай мен болам да.

Жанболат:

Ау, халайық, жарандар!
Бәрің маған қараңдар.

Шымыр болып шыныққан
Жанболат деген балаң бар.

Еламан:

Күшім толы бойымда
Білім толы ойымда.

Нұрғали :

Нұрғали ұлың мен болам
Ылғи бестік алатын.

Юсуф:

Адалдықты жақтайтын,
Бәрін біліп, жаттайтын,

Парасат:

Жайғанда арман құшағын,
Жеткенше қайрат, күш, әлім.

Ералы:

Айтқан тілді алатын,
Жұмсағанда баратын,

Бақдәулет:

Атым менің Бақдәулет,
Қуантып ата-анамды,

Мұхтар:

Кіші қамын ойлаған,
Кісі жанын сыйлаған.
Мінезімен, өнерімен

Алижан:

Ақ көңілді, ақ ниетті
Мен - бүлдіршін баламын.

Асима Ағзамовна:

Бүгінгі күн - әр үйдің
Тойбасы деп саналар.
Балалардың есімі әулеттерге таралар.
Ырым етіп сондықтан ертеңгілік басында,
Ақ тілекпен баршаға шашу шашпақ аналар.

Шашу рәсімін жүргізетін Жакабаева Бану.

Асима Ағзамқызы :Балалар қарандаршы сендерге Білім ханшайымы көп сыйлықтар беріп жіберіпті. Ең бастысы «Ертегілер» атты кітапты сыйлапты.

«Ертегілер елі» әнінің әуені ойнап тұрады. Ханшайым кіреді.

Ханшайым: Мен бәрібір мектепке барамын. Мына алтын керек жоқ маған, мен оқығым келеді.

Асима Ағзамқызы:Ханшайым, сен бізге қайдан келдің?

Ханшайым:Ертегілер әлемінен.

Асима Ағзамқызы:Сен кіммен келдің?

Ханшайым:Ханмен, яғни әкеммен.

«Ертегілер елі» әнінің әуені ойнап тұрады. Хан кіреді.

Хан:Қызым, мектепке барам дегенді қайдан ойлап таптыңа? Мектепте білім алу қиын жұмыс.

Озат оқу мақсатым,
Еламан деген жақсы атым.

Әл-Фараби атамдай
Математик болатын.

Менен тек жақсылық күт,
Юсуф мырзадан бар үміт.

Биікке самғап ұшатын
Парасат деген балаңмын!

Білімнен бақыт табатын
Ералы батыр мен болам!

«Сымбатты жұлдыз» даңқымды
Әлемге мен жаямын!

Өзгелерге сыйлы адам
Мұхтар ұлдарыңыз мен болам

Анам бар Айнұрдай мәпелеген
Әкем бар Абдельмансур жетелеген
Баласымын Алижан еркелеген.

Асима Ағзамқызы Хан тақсыр, мектепте бәрін үйретеді. Сенбесеңіз, байқап көріңізші. Біздің балалар мектепке дайын. Тапсырмаларды орындау қиын емес. Аздап ойлансаң, жауабы дайын. Қазір мен жұмбақтар оқимын. Ал, сіз балалардың жауабын тыңдаңыз, жарай ма?

«Ойлан, тап» логикалық ойыны.

1. Төрт баланың неше қолы бар?
2. Көгалда 7 қоян отыр. Аңшы мылтық атқанда олар қашып кетті. Көгалда неше қоян қалды?
3. Қақпаның арғы жағында 8 құлақ көрініп тұр. Неше мысық тығылған?
4. 2 аюдың неше аяғы бар?
5. Ал 5 қоянның құлағы нешеу?

Асима Ағзамқызы: Хан тақсыр, көрдіңіз бе? Біздің балалар қандай ақылды!

Хан: Сонда мен қызымды мектепке беретін болсам, ол қазынамдағы ақшамды санай алады ғой?

Асима Ағзамқызы: Әрине.

Хан: Балалар, айтыңдаршы менде 10 қап алтын бар, ал қызымда 10 қап алтын бар. Сонда барлығы қанша қап алтын болады? /Жиырма/

Хан: Тамаша, бәрекелді, осылай менің қызым қазынамды санап отырса, онда қандай керемет болар еді!

Асима Ағзамқызы: Сонымен, қызыңызды мектепке беретін болдыңыз ба?

Хан: Иә, әрине берем, - деп залдан шығып кетеді.

Ханшайым: Балалар, білесіңдер ме? Мен жай ғана ерке ханшайым емеспін. Мен ертегі патшалығынан келген ханшайыммын. Мен де сендер сияқты мектепке барғым келеді. Әкемді көндіруге көмектескендерің үшін рахмет айтамын.

Асима Ағзамқызы : Онда төрлетіңіз, бүгінгі мерекемізде бізбен бірге болыңыз, балалардың өнерін тамашалаңыз.

Хор: «Бүгін бізде мереке» әні

«Летка Енка» биі.

Ханшайым: Жарайсындар, балалар! Өнерлерін өрге жүзсін. Ал менің кететін уақытым болды. Мен де сендерге құр қол келген жоқпын, менің сендерге дайындаған сыйлығым бар. Мынау жеті түсті жапырағы бар сиқырлы гүл. Әр бір күлтесін үзіп тілек тілесендер, тілектерін орындалады.

«Ертегілер әлемі» әнінің минусовкасы қойылады.

Музыка әуенімен ханшайым билеп жүріп

«Жақсы, балалар, қош сау болыңдар!»,- деп шығып кетеді.

Асима Ағзамқызы : Қандай ерекше гүл, солай ма, балалар? Сиқырлы гүлдің күлтелерін үзіп көрейікші, тілектер орындала ма екен?

Кәне, балалар, **1- күлтесін** балабақша меңгерушісі үзіп алың, көрейік.

Меңгеруші үзіп алып, тілегін оқиды.

- Балабақшамен қоштасқалы тұрған бүлдіршіндерге сәт сапар тілеймін.

М. Әлімбаевтің «**Біздің балабақшада**» атты өлеңін естігім келеді.

2- күлтедегі тілекті балабақша әдіскері Қания Қалиакперқызына оқытайық.

«Сөз ойла, тез ойла» ойыны ойналсын. Ойын шарты:

Балаларға бірнеше әріп көрсетіледі. Олар әріпті атап, сол дыбыстан басталатын сөздерді неғұрлым көбірек айтуға тырысады.

3- күлтені сендердің мерекелеріне арнайы келген қонақтарымыздың бірі үзіп, тілегін оқысын. Онда не деп жазылған екен, кәне?

«Алтын бесік «Айгөлек» әнін білесіңдер ме?

Асима Ағзамқызы: Біз өзіміздің балабақшамыз туралы ғажап әнді, әрине, жаттап алғанбыз. Ендеше, сіздің де тілегіңізді орындаймыз! Ән айтылады.

Би тарту: «Шөжелерім»

Асима Ағзамқызы: Балабақшамызда өткен «Айгөлек жұлдызы-2017» атты өнер сайысының қатысушылары, әнші жұлдыздарымыз Жекебайұлы Төребай, Шаттық Кәусар және Жакабаев Бақдәулет сіздерге «**Әнші болу арманым**» атты әнді тарту етеді. Қабыл алыңыздар!

«Иә, нә, жоқ, жоқ!» атты дидактикалық ойыны

Ойын шарты: Ортаға балаларының жанына ата-аналарды шақырамын. Балаларға және ата-аналарға сұрақтар қойылады. Олар сұрақтарға тек қана «Иә, иә» немесе «Жоқ, жоқ» деген сөздермен жауап беруге тиіс. Ендеше мұқият болыңыздар

№1. Балаларға арналған сұрақтар:

1. Мектепке біз барамыз ба?
2. Кілең бестік аламыз ба?
3. Айтқан тілді аламыз ба?
4. Ақылды бала боламыз ба?
5. Нан жейміз деп жылаймыз ба?
6. Ертеңгісін тұрамыз ба?
7. Сабақта отырып ұйықтаймыз ба?
8. Ойыншықтармен ойнаймыз ба?
9. Екі алсақ жылаймыз ба?
10. Үлгілі оқушы біз боламыз ба?

№2. Ата-аналарға арналған сұрақтар:

1. Балаңызға әрқашан тірексіз бе?
2. Кітап оқып, есепке сіз зерексіз бе?
3. Балаңыздың тамағын уақытылы бересіз бе?
4. Қиындыққа әрқашан төзесіз бе?
5. Сериал көріп жатасыз ба?
6. Ұрып, нұқып үйретуге барасыз ба?
7. «Оқыту - мұғалімнің жұмысы» деген сөзді айтасыз ба?

Асима Ағзамқызы: Рахмет, сіздерге, құрметті ата-аналар. Орындарыңызға жайғасыңыздар.

Асима Ағзамқызы: Қ. Аманжолов. «Жетпіс пен жеті» өлеңін оқимын. 318-бет.

4-күлте. Ата-аналар, күлтені үзу кезегі сіздерге келіп жетті.

«Бабушки-старушки» биін тамашалағым келеді.

5- күлте. Мектеп директоры үзіп, қандай тілек жазылғанын оқып береді.

Сұрақ: Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

Ендеше **«Көктем гүлі»** атты би биленсін.

6-күлтені медбике үзеді.

«Түстерді ата» дидактикалық ойыны.

Ойын шарты: Тамара Васильевна алдымен балаларға бірнеше сұрақ қояды:

- Балалар, менің қолымдағы заттар қалай аталады?

- Олар сендерге не үшін керек?

Медбике қарындаштарды бір-бірлен көрсетеді. Ая балалар болса, қарындаштардың түсін қазақша, орысша, ағылшынша атап береді.

Осы жерде ағылшын тілінің мұғалімі Гүлнар Мұхаметқалиқызы балалармен сабақтан үзінді көрсетеді.

7-күлтені «Айналайын» мектепалды даярлық тобының тәрбиеші көмекшісі Назима Мұқашқызы апайларың үзсін. Жарай ма, балалар? Кәне, енді сіздің тілегіңізді тыңдайық:

«Көңілді пішіндер» ойыны ойналсын.

Ойынды жүргізетін тәрбиеші Гүлзәда Жанарбекқызы.

Ойын шарты: Балалар кең шеңберге тұрады. Тәрбиеші алдымен түрлі-түсті қағаздан қиылған пішіндерің атауларын қайталатып өтеді. Содан соң ойын мәнін түсіндіреді. Тәрбиеші тоқтамай кез келген зат атауларын атай береді, арасында пішіндердің атауларын да атайды. Балалар болса, жай атау сөз айталғанда қол шапалақтайды, ал пішіндердің атауы аталса, онда бір орында тұрып секіріп қалулары керек.

Алғыс білдіру сәті

Бақдәулет:

Гүлдендірген бақшаны
Меңгеруші жақсы адам

Мадина:

Жайдары жүз, ай қабак
Жүреді бізді аймалап.

Парасат:

Қайнаған су әкеліп
Дәруменін беретін.

Еламан:

Тәтті тағам пісірген
Айран, сүтін ішкізген

Дархан:

Ақ төсекке жатқызған
Тәтті тамақ таратқан.

Бала боп бізбен ойнаған

Назима Мұқашқызына мың алғыс!

Сондықтанда біз үшін

Артықсыз сіз басқадан

Меруерт Әскербекқызына мың алғыс!

Тобымызға жиі кеп

Қалымызды сұрайтын

Айгүл Сарыарқа қызына мың алғыс!

Өлшеп салмақ бойымды

Екпесін де егетін.

Тамара Васильевнаға мың алғыс!

Аспазшылар Райгүл апай мен Зарина
апай!

Сіздерге мың алғыс!

Барлығы бірге:

Тәрбие берген бақшамыз

Тәртіпті бала боламыз.

Алда үлкен белес бар

Сүрінбей өтіп барамыз

Асима Ағзамқызы: Құрметті мереке қонақтары! Құрметті балалар! Қазақта «Ауылына қарап, әкімін таны» деген сөз бар. Құттықтау сөз кезегін-----
----- беремін.

Асима Ағзамқызы:

Бір ата, бір ананың тірегіміз

Бір болсын қайда жүрсек тілегіміз!

Бірлік болса, тірлік бар деген бабам

Бірлікпенен бір соқсын жүрегіміз! –

дей келе, құттықтау сөз кезегін ата-аналарға беремін.

Асима Ағзамқызы:

Шаңырағы шаттықтың!

Бала бақша қорғанышы,

Балғын сәби жастықтың!

Қуанамыз, сыйлаймыз

Қуаныштың мың гүлін!

Бақшамызбен қимай біз

Қоштасатын күн бүгін, *-деп бүлдіршіндеріміздің орындауында*

МЕКТЕПКЕ АРНАУ.

Ән **«Сәлем, мектеп!»**. Орындайтын хор.

Асима Ағзамқызы:

Ұмытылмай балабақша

Көңілде мәңгі сақталсын!

Үміт, сенім ақталсын!

Жаңа өмір басталсын! – деп, «Айгөлек» балабақшасының меңгерушісі

М.Ержомарт пен Бозанбай орта мектебінің директоры С.Қолғанатовты ортаға шақырамын. Бір ауыз тілектеріңізді айтып, біріңіз бүлдіршіндерімізді АҚ ЖОЛМЕН жүргізіп шығарып салып, екіншіңіз МЕКТЕП босағасынан қабылдап алыңыз!









Жаңа жылдық ертеңгілік.

Тақырыбы: «Құтты болсын Жаңа жыл!»

Тобы: «Айналайын» мектепалды даярлық

«Құтты болсын, Жаңа жыл!»

Мақсаты: Балаларға мерекелік көңіл күй тудыру; шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне, балалардың Аязтаның, Ақшақардың, Қоянның карнавалдық киімдеріне назар аударту; көңілді ойындар ойнату, достық қарым - қатынас ояту, бірлескен ойындар ойнату.

Қатысушылар: жүргізуші, Аяз ата, Ақшақар, Қоян, Клоун, балалар, ата - аналар.

Музыка ойнап тұрады.

Асима Ағзамқызының №1 дауыс жазбасы: (жүргізушінің дауысы тыс жерден шығады)

Тезірек, тездетіп мында жиналындар. Басталады Жаңа жылдық карнавал, маска да бар, би де бар, асығындар, шырша жанында қонақтарды қарсы алындар. Аяз Ата шақырғанның бірі де қалмайды. Басталады, басталады, жаңа жылдық карнавал! Карнавалдың иелерін қарсы алайық!

«МЕЙРАМ КЕЛЕ ЖАТЫР» әнімен балалар залға кіреді

Асима Ағзамқызының №2 дауыс жазбасы: Армысыздар, аяулы бүлдіршіндер, ата - аналар! Сәлеметсіздер ме, апайлар мен ағалар. Балалар, сендер бүгін, сәнді киініп, әдемі болып кетіпсіңдер. Мына жақта орман аңдары, сүйікті ертегілеріміздің кейіпкерлері де жетіпті. Ал, бүгін, балалар, қандай мереке?

Балалар: Жаңа жыл!

Алтынгүл Дорветханқызы:

*Нұрландырып маңайды
Шырша шамы жазылсын
Жаңа жылдың құрметіне
Ақ тілектер азылсын!*

Асима Ағзамқызы: Жаңа жылдық ертеңгілігімізді ашу үшін құттықтау сөз кезегін балабақша меңгерушісі Ержомарт Меруерт Әскербекқызына берейін.

Алтынгүл Дорветханқызы: Балалар, бүгін біз Жаңа жылды қарсы алуға жиналдык. Келіндер, сән құрап тұрып, қол ұстасып жүріп ән салайық.

«Аппақ, аппақ жаналақтап» әні

Алтынгүл Дорветханқызы : Балалар, ортамызда әдемі болып тұрған не бұл?

Балалар: Шырша!

Алтынгүл Дорветханқызы: Шыршамыз қандай әдемі! Ойыншықтары неткен көп! Ал, кім бізге шыршаға арналған тақпақтарын айтып береді екен?

Батырбай

Жасыл шырша орманнан,
Бізге арнайы келіпті.
Ойыншығын балалар,
Шыршаға әсем іліпті.

Інжу:

Әкелсін жыл ырыс-құт
Әлемде болсын тыныштық
Жаңа жылым тамаша
Ән салайық жаңаша!

Олжас:

Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

Алтынгүл Дорветханқызы: Жарайсындар, шыршаға арнаған шумақтарың өте жақсы екен! (шыршаның жанына жақындап келіп)

Бәрекедді, қараңдар, балалар, шыршаның астында бірдеңе тұр! Сыйлықтар! Сыйлық алу қандай тамаша, келіндер, балалар, сыйлықты ашып көрейік.

«ВЕСЕЛАЯ МУЗЫКА ДЛЯ ДЕТЕЙ» әуені ойнайды, қапшықты

ашқанда, оның ішінен Клоун атып шығады. Клоун – Асима Ағзамқызы

Клоун: Амансындар ма, балалар! Иә, бұл менмін! Мені ораудан алып шыққандарың қандай жақсы болды! Ол жерде тар, әрі қап - қараңғы. Ал, мұнда сондай тамаша екен! Мен де сендермен жаңа жалды қарсы алайыншы, сендермен бірге қызықты ойынды ойнайыншы!

Ойын: «МУЗЫКАЛЫҚ ОРЫНДЫҚТАР» ойыны (Коко Жамбо)

Клоун: Балалар, бізде шыршамыз бар, әдемі киінген балаларымыз бар, ата - аналарымыз, көрермендеріміз де бар екен, енді, біздің жаңа жылдық мерекемізге кімдер жетпей тұр?

Балалар: Аяз Ата, Ақшақар.

Алтынгүл Дорветханқызы: Кәне, онда Аяз Атаны шақырайық. Бар дауыспен айқайлайық.

Балалар: Аяз Ата, Аяз Ата! Ақшақар! Ақшақар!

ҚОЯН КІРІП КЕЛЕДІ. /Полька/

Қоян – Ергенгүл Манарбекқызы: Ойбай түрлерін кара! Неге тамақтарыңды жырттып жатырсыңдар?!

Клоун: Ал, сен неге амандаспайсың? Әдепті жан алдымен амандасып алады дегенді білмейсің бе?

Қоян: Білсем бұйырмасын!

Клоун: Мұны «Айналайын» тобының балалары біледі. Тіпті «Бөбектер» де біледі. Ал, саған тіпті ұят. Саған ешкім үйреткен жоқ па?

Қоян: Жоқ.

Клоун: Сен өзі қайдан шықтың? Біз Аяз Атаны шақырып едік қой?!

Қоян: Ал, мені мерекеге неге шақырмайсыңдар? Аяз Ата сендерге бәрібір келмейді, өйткені мен ормандағы жол көрсететін белгіні алып тастадым, енді ол жол таба алмайды ха - ха - ха (деп секіреді)

Клоун: Неге олай еттің? Аяз Ата, Ақшақарсыз қандай жаңа жыл келмек?

Қоян: Ә, бәлем, солай ма екен!

Алтынгүл Дорветханқызы: Балалар, естіп тұрсыңдар ма? Боран гуілдеп кетті ғой. Аяз Атамыз келе жатыр-ау деймін.

«БОРАН» дауыс жазбасы

Қоян тоңа бастайды да, біреулердің киімдерінің астына кіріп, ата - аналарға тығылып, соңында шыршаның астына тығыла бастайды

Алтынгүл Дорветханқызы: Қоянымыз қатты тоңып кеткен сияқты. Ендеше, балалар, ата-аналар, қонақтар! Барлығымыз қосылып, бойымызды қыздырып, Аяз Ата келгенше хороводта жүріп көңілді би билеп алайықшы!

«ҚАЗАҚША ЛАМБАДА» биі.

АЛЫСТАН АЯЗ АТАНЫҢ КЕЛЕ ЖАТҚАНЫ ЕСТІЛЕДІ.

Клоун: Аяз Ата, Ақшақар келе жатыр ғой деймін, шақырайық, қол соғайық, болған қиындықтарды ұмытайық!

Балалар: Аяз Ата, Ақшақар!

Оңғар:

Кел жаңа жыл біздерге,

Кел жаңа жыл, жаңа жыл.

Қызыл ала шапаны,

Сағындым Аяз Атаны.

Димаш:

Қыс келді, Қыс келді.

Ақтарып ақ қарды.

Қызыл ала шапаны

Сағындым Аяз Атаны.

Аяз Ата:

Амансың ба, ұлдарым,

Амансың ба, қыздарым

Қандай әсем жүздерің

Қандай мөлдір көздерің

Керемет бір ән тыңдап,

Келіп тұр-ау дем алғым.

Клоун:

Балалар, бір жыл бойы сағына күткен Аяз Атамыз келді! Кәне, әнге басаыық!

«АЯЗ АТА» әні

Аяз Ата: Сендерді көргеніме сондай бақыттымын!

Балалар, мына шыршамыз көңілсіз тұрған сияқты ғой. Кәне, сикырлы сөздерімізбен оның шамдарын жарқыратайық!

«ТАУДА ТУЫП, ТАУДА ӨСКЕН» әні

Балалар: Қуант бізді, таңырқат шамдарыңды жарқырат. (қолдарын шапалақтайды)
Шырша жарқырайды.

Аяз Ата: Балалар, менің қарша қызым қайда жүр екен, кім тауып береді екен маған?

Ұлағат

Аспан жерге төгеді,
Ақ күмісін уыстап,
Жаңа жыл да келеді
Бізге қарай жылыстап.

Ақтілек:

Жүзімізге күлкі ойнап
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз.

Ақарыс:

Ақ қырауға малынған
Ақша қардай сақалы
Көптен күтіп сағынған
Көрдік Аяз атаны

Алдияр:

Базарлықты баршаға
Әкеліпті ол тағы
Қарасын деп тамсана
Безендірдік шыршаны.

Айзере:

Тақпақтарды жаттадық.
Би биледік көрсін деп.

Аяз ата қуанып,

Бізге риза бөлсын деп.

Аяз Ата: Бәрекелді, бәрекелді. Менің Ақшақарым қазір келіп қалар, мынадай тақпақтардан кейін кідірмес. Клоун балам, тәттілерін берейік тақпақ айтқап балаларға.

Клоун: Аяз Ата, мен де, жұмбақтап жіберсем қайтеді?

Ертегідей орманнан

Көктей өтіп келеді.

Сұңқар бойлы бір сұлу

Табыңдаршы, аты кім?

Балалар: Ақшақар!

«В ЛЕСУ РОДИЛАСЬ ЕЛОЧКА» әнімен Ақшақар кіреді)

Айшуақ:

Мұздан моншақ тағынып,
Күміс қырау жамылып.
Ортаға кел, Ақшақар,
Көптен күттік сағынып.

Ақжан:

Кел, билейік сенімен,
Деймін тартып жеңінен
Еріп кетпе Ақшақар.
Адамдардын демімен.

«АҚШАҚАР» бні /Қыздар Ақшақармен билейді/

Ақшақар Алтынгүл Дорветханқызы: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Орманды көктей өтіп жеттім - ау сендерге. Қандай әдемі, неткен сұлу шырша! Мен бір қызықты ойынды білемін. Сендер ойын ойнағанды ұнатасыңдар ма? Кәне, бірге ойнайық. Үйретейін сендерге. Мен бастайын, ал, сендер жауабын айтыңдар. Хормен жауап айтыңдар!

«ЖАУАБЫН ТАУЫП АЙТ» ойыны

Ақшақар:

Қарға мүлгін дала тұр,

Келе жатыр....

Балалар: Жаңа жыл!

Ақшақар:

Қызыл мұрын, ақ мұртты

Білсең атын тез ата,

Келеді бізге.....

Балалар: Аяз Ата!

Ақшақар:

Шырша бүгін кәделі!

Сендер де одан....

Балалар: Әдемі!

Ақшақар:

Көңіліз бір бала жоқ,

Ойын – күлкі таралсын.

Құтты болсын....

Балалар: Жаңа жыл! (3 рет)

«СОБАЧИЙ ЛАЙ» жазбасы естіледі. Ит жылы сол дыбыспен кіреді.
ЖАҢА ИТ ЖЫЛЫ КІРЕДІ.

Ит жылы / Онғар /

*Сақ төбеттің жолдыяқ,
Саңқылдаймын қоймай-ақ.*

*Бөріге қой бермеймін,
Ұрыға жол бермеймін*

Мен әкелген жана жыл сендерге үлкен табыс, денсаулық ала келсін! - деп тілеймін.
Аяз Ата: Бәрекелді, қош келдің, Жаңа жыл, енді балалар тақпақтарын айтып берсін.

Айару:

Тағы бір жыл, балалар
Жаңадан бізге келіп тұр!

Жадыратып жер бетін
Төрімізге еніп тұр.

Меруерт:

Бізді байтақ далала,
Асқар тауда қалада.
Биыл ғажап іс болды,
Таң ғажайып қыс болды.

Жазира:

Жана жылмен, жана жылмен,
Құттықтаймыз әрине.
Әкемізді, анамызды
Қонақтардың бәрін де!

Еркебұлан:

Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды.
Мүз болады катады,
Жып - жылтыр боп жатады.

Төлебай:

Қане, биге басайық
Салтанатты көңілді
Таң –тамаша жасайық,
Шалқытып шат өмірді.

«АҚҚАЛАЛАР» биі. /Ұлдар/

Жүргізуші: Кәне, балалар, бәріміз қосылып жақсылап ән айтып жіберейікші, Аяз Атамызбен, Ақшақарымызбен, Жаңа жыл бар, қонақтарымыз бар, бәріміз!

Ән: «Жаңа жыл!»

Аяз Ата мен Ақшақар сыйлықтар таратады.

Ақшақар: Мінеки, балалар, сендермен қоштасатын да кез келді.

Сендерді қимай тұрмыз, барлығың да көңілді, әдемі, ақылды, өнерлі бала екенсіңдер.

Аяз Ата: Жаңа жылда, балалар, тек қуаныш көріндер.

Ауырмандар ешқашан, мықты болу өзіңнен.

Ақшақар:

Жаңа жылда, балалар, тек жақсылық көріндер. Жылау, ауру, жамандық қастарыңда болмасын. Сау болыңдар, балалар! деп кейіпкерлер «**Санга Клаус**» әуенімен шығып кетеді.



РӨЛДЕРДЕ:

АЯЗ АТА- ТӘРБИЕШІ КӨМЕКШІСІ КЕНЕШ К.

АҚШАҚАР – ТӘРБИЕШІ ДОРВЕТХАН А.

САЙҚЫМАЗАҚ – ТӘРБИЕШІ АҒЗАМ А.А.

ИТ ЖЫЛЫ – ІЛГЕРБЕК ОҢҒАР



Аудандық деңгейдегі Наурыз ертеңілігі.

Тақырыбы: «Қасиет еткен халқымыз, жаңғыртар дәстүр салтымыз»

Тобы: «Айналайын» мектепалды даярлық

Мақсаттары:

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі туралы білімдерін кеңейту. Балаларды көне салт, дәстүр, рәсімдермен таныстыру. Балалардың тілін, дүниетанымын, ән салу, би билеу мәдениетін, сөздік қорларын дамыту. Ата – анамен байланысты нығайту. Туған елінің салт-дәстүрлерін қастерлеуге, дәстүрлі мерекелерді құрметтей білуге тәрбиелеу. Эстетикалық тәрбие беру, мейірімділікке тәрбиелеу. Көтеріңкі көңіл күй сыйлау.

Көрнекіліктер және қажетті құрал-жабдықтар:

1. Бағдарламасы, ұлттық киімдер.
2. Техникалық құралдар: музыкалық орталық, әндер мен күйлердің жазбалары және минустары.
3. Наурыз қыздың жеті жапырақты гүлі.
4. «Көктем гүлі» биіне арналған атрибуттар /қыздардың қолдарына ұстайтын пластик тарелкелерден жасалған гүлдер/. Үш ананың басына киетін короналары, киімдері.
5. Қыздар биінен соң әйел адамдарға сыйлайтын гофреленген қағаздан жасалған гүл шоқтары.
6. Хрестоматиялар: «Көркем әдебиет», «Қарлығаш», «Ән-күй»
7. Наурыз дастарханға арналған тағамдар мен ыдыстар.
8. Домбыра, майшам, сіріңке, шеге, балға, табақ, шашуға конфеттер

Алдын-ала жүргізілген жұмыстар:

Ата-аналар жиналысы, ән мен билерді үйрету.

Кіріспе: Залда әсем әуен ойнап тұрады.

Балалардың кіруі: «Наурыз-көктем» атты әнмен кіреді.

Ұл балалар музыкамен залға кіреді, аю терісі ілінген сол жақтағы кереге түбіне құрақ-көрпеге отырады.

Тәрбиеші:

Армысындар, құрметті қонақтар!

Келе жатқан жылымыз

Мейрамдаймыз мұны біз!

Тек жақсылық тілейміз,

Сіздерге ән мен жырымыз!

Інжу:

Наурыз айы жүректерге нұр сепкен

Маңдайымнан сүйіп жатыр нұр

көктем!

Жарығымен, шуағымен, Күн Ана

Алып келдің жер бетіне нұр көктем!

Олжас:

Осыншама жақсылық

Алып келдің, Наурызым!

Төрлет бізге нұр беріп

Шуак шашып ақ жүзің!

Тәрбиеші:

Құрметті балалар, мерекеміздің қонақтары! Біздің Наурыз тойымызға келген қадамдарыңызға гүл бітсін!

Жер шарын мекендеген ұлттар мен ұлыстардың сан түрлі мейрамы бар. Ал Наурыз болса қазақ халқының шын мағынадағы ұлттық мейрамы. Бұл күні күн

мен түн теңеледі. Сондықтан халқымыз «Наурыз - жыл басы», «Ұлыстың Ұлы күні» деп атаған. Наурыз мейрамы көктеммен бірге келеді. Себебі көктемде жер дүние жасарып, жаңарып, өмірге қайта келгендей болады. Тіршіліктің жаңаруымен бірге адамдардың да өмірі жайнай түседі. Олай болса, бүкіл тіршілік атаулыны жандандырған Наурызды қошеметпен қарсы алайық, халайық!

«Көктем келді, наурыз келді тағы да» әнінің әуенімен Наурыз қыздарды ертіп билеп кіреді, соңынан қыздар оң жақтағы бесік қойылғанкереге түбіне құрақ-көрпеге отырады.

Тәрбиеші Манарбек Е.

Мен - Наурыз қызбын

Қыздарым да қасымда!

Ұлыс күнге жеттік, міне, асыға!

Келген жылым жақсылыққа басташы,

Қуанышпен әр үйдің босағасын атташы!

Наурыз қыз амандасқан соң жеті жапырақты гүлді береді.

Мен мерекеге құр қол келген жоқпын, халайық! Мен өзіммен жеті жапырақты гүл ала келдім. Бұл жай гүл емес, оның әр жапырағында бұл мерекені қызықты етіп өткізуге арналған тапсырмаларым бар.

Тәрбиеші:

Рахмет саған, Наурыз қыз! Төрлет, балалардың жанына! Мерекеміздің сәні өзіңсің!

Асқан:

Осыншама жақсылық

Алып келдің, Наурызым!

Төрлет, бізге нұр беріп

Шуақ шашып нұр жүзің!

«Наурыз келді, балалар» әні.

Мыстан кемпірдің кіруі (тәрбиеші Семенова Г.С.):

Мыстан: Ә, бұл жерде мереке болғалы жатыр ма? Мен қарсымын! Қарай көр бұларды! Әндетіп, би билеп, тойлатпақшы екенсіңдер ғой, не? Болмайды мереке! Мен қазір жолдың бәрін сиқырлап, мереке қонақтарын адастырамын! Уф-суф! Дөп қолындағы сыпыртқысымен олай-бұлай ойкастайды.

Көрісуге арналған музыка қойылады.

Залдағы балалар, барлық адамдар бір-бірін құшақтап, наурызға арналған тілектерін айтады:

Наурыз құтты болсын!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Наурыз мерекесі баршамызға құт-береке әкелсін!

Ақ мол болсын!

Қайда барсақ жол болсын!

Ұлыс береке берсін, Бәле-жала жерге енсін!

Ұлыс бақты болсын, Төрт түлік ақты болсын!

Т.с.с.

Тәрбиеші:

Апатай, сізге не болды? Бүгін мереке ғой. Келіңіз, құшақтасайық, деп оны құшақтаймын. Наурыз күнінің бір ерекшелігі - бұл күн көрісуден басталады емес пе?

Мыстан: *Ой-ой-ой! Балалар, маған не боп бара жатыр, а? Менің бағанағы кейімім қайда кетті?*-деп қорқынышты маскасы мен жамау киімін шешіп лақтырып тастап, балаларды құшақтап еркелете бастайды.

Тәрбиеші: Міне, балалар, көрдіңдер ме? Наурыз – ғажайып мейрам екен! Мыстан енді мейірімді, өте әдемі әжеге айналды. Төрлетіңіз, әже, дастархан басына жайғасыңыз! Ал мына гүлдің жапырақтарында қандай сұрақ-тапсырмалар бар екен, көрейік.

1-жапырақ.

Тәрбиеші:

Наурыз күні не себепті көрісуден басталады ?

Балалар:

Жаңа жыл жақсылықтан басталсын ! Аман-есен бір-бірімізді ендігі жылға дейін көрейік деген ырымға байланысты.

Тәрбиеші: Біз жаңа қос қолдап амандасып, құшақтасып бір-бірімізге жақсы тілектер айттық, ия? Ендеше, келесі жапырақтың сұрағын оқийн.

2-жапырақ. Тәрбиеші:

Қос қолдап амандасып, төс соғыстырудың қандай мәні бар ? Кәне, кім жауабын біледі?

Балалар: *«Өмір тірегім – төсім , тіршілік көзім - екі қолым аман –сау болсын!»*-дегенді білдіреді деп жауап береді.

3-жапырақ. Тәрбиеші:

Не себепті Наурыз түні қос шырақ жағылады?

Мыстан: *Бұл сұрақтың жауабын мен білемін. Бұл дегеніміз - отқа, күнге, жарыққа деген құрметтің белгісі ғой. Олай болса, Жаңа жыл табалдырықтан үйге енгенде жарық болсын деп шырақ жағайын. «Жалғыз сәуле жарық болмас» деп, қос шырақ жағайын.*

Шырақ жағу рәсімі.

4- жапырақ. Наурызша деген не?

Тәрбиеші: Кәне, көмек ретінде мен сендерге қызықты бір аңыз айтып берейін! Наурыздың мейрамын, Наурыз туған уақытты бабаларымыз қыс пен жаздың таласы таусылып, қылышын сүйреткен қаһарлы қыстың жеңіліп, күн шуағына бөленген көктемнің жеңуі деп білген.

Мәселен, сондай әңгіменің бірі – **«Қар мен қоянның тілдесуі»** деп аталады.

Осы жерде арнайы дайындалған музыка қойылады.

Бірде қалың мұз болып, сіресіп жатқан қардың Наурыз айының қызуына шыдай алмай, тұмауратып, денесі ауырлап, дел-сал болып, берекесі кете бастайды. Қар қорқып, қоянға жалынып, тамырын ұстатады. Қоян қардың тамырын ұстап отырып: **«Қыс бойы мені қарға адым аттатпап едің. Қайтейін, ескі көз танысымсың ғой. Ауруың сылдырап ағып, сай-саймен кетсін, жылбырап ағып, жылғалармен кетсін!»** - деп ұшықтапты. Қояннан бата алған қар суы сол күні-ақ Наурыздың шуақты күнімен борша-борша боп, өз жөнін тауыпты-мыс»

Тәрбиеші: Балалар, «Қар мен қоянның айтысынан» нені түсінуге болады?
«Наурызша» деген не екен?

Балалар: Наурызша деген Наурызда түскен тез еріп кететін қырбақ.
Қарайған жерді жасыра алмай қыраулап жауған жұқа қар.

Төлебай:

Сәнді көктем нұрымен
Наурыз тойы жырымен.
Көңіл гүлдей жайнасын,
Наурыз тойы тойлансын!

Осы кезде жылаған баланың дауысы естіледі.

«Сүйінші сұрау» рәсімі.

Бала: Сүйінші, сүйінші, дүниеге сәби келіпті!!! Сүйіншіме не бересіңдер?
деп Сейітәшімов Алдиярды жүгірту. Отырғандар сүйіншісін атайды.

Тәрбиеші: Ал, құрметті қауым, біздің мерекемізде дүниеге бір сәби келіпті. Бұл сәбидің аты кім болсын? Аяулы да, қасиетті қонақтар! Құрметті қонағымыз
..... ортаға шақырамын, бұл балаға кім деп ат қоясыз, кәне?

«Ат қою» рәсімі.

Ауданнан келген сыйлы қонақтың біріне ат қойғызу./«Наурызгүл» деген /
Айзере:

Наурыз - шаттық әніміз
Салтанатты сәніміз.
Ән саламыз бәріміз
Би билейміз бәріміз

Тәрбиеші: Бүгінгі мерекемізде той тойға ұлассын! Олай болса, осы сәбиіміз көктемнің гүліндей жайнап өсе берсін деген тілекпен кезекті кішкентай ханшайымдарымыздың орындауындағы биге берейік!

«Көктем гүлі» атты би.

Наурыз қыз: Мен қанша шуағымды шашып, мейірлендім. Бірақ қыс әлі кеткісі келмейді. Қар тезірек еріп, ағаштар бүршік жарып, жер көктеу үшін не істесек болады?- деп ойланып қалады.

Тәрбиеші: Иә, аздап салқын, айнала әлі қар. Ендеше, ортаға шуағын шашқан алтын сәулелі Күн ананы, қасиетті Жер ананы және ыстық ықыласты От ананы шақырайық! Кәне, балалар, бірге шақырайық!

Балалар тәрбиешімен бірге дауыстайды: **От-ана! Күн-ана! Жер-ана!**

Үш ана кіретін музыка қойылады.

Музыка әуенімен үш ана кіреді.

Жер Ана – қамту қызметкері Дүйсен Жаңылсын:

Жетегің бұйда болсын,
Арқаның шуда болсын!
Беретін асың болсын,
Көретін жасың болсын!
Бесігің алдыңнан түспесін,
Жамандық саған жетпесін!

Залдағы адамдарға қарай шашу шашады.

«Шашу» рәсімі.

От Ана - ана Қасдан Алмагүл:

Ақ нұрға әлем боянды

Наурыз тойы - береке!

Тіршілік таңы оянды

Наурыз тойы - мереке!

Күн Ана - тәрбиеші Жәлелқызы Осемгүл:

Уа, жарандар, келіндер!

Той қызығын көріндер!

Наурыз тойда бас иіп

Күнге сәлем беріндер!

«Сәлемдесу» рәсімі. Балалар хормен үш анаға сәлем береді:

Армысың, Алтын күн!

Армысың, От Ана!

Армысың, Жер Ана!

Тосын сәт: Иығына бүркітін қондырған Ардақ Жазира деген қызымыздың атасы Әуден Кенеш ақсақал және оның атқосшысы Сайламхан ақсақал. «Осы балабақшаның қазанын шегелей келіп едік», - деп залға кіріп келеді.

Олай болса, төрлетіңіздер, өзіміз де қазан шегелейтін адам таппай отыр едік! - деп жауап беремін.

Бұл тосын сыйды санаулы ғана адамдар білген.

«Қазан шегелеу» дәстүрі.

Тәрбиешінің түсіндірме сөзі:

Көне заманда ата-бабаларымызда қызықты салт-дәстүр, жоралғылар көп болған екен. Жақын туыс, дос-жаран, әзіл-қалжыңы жарасқан адамдардың үйіне екі-үш адам бірге барып: «Осы үйдің қазанын шегелей келдік» дейді. Бұл олардың түстеніп, ет жеуге келгендігі. Үй иесі оған әзілмен жауап қайтарып: «Жақсы болды, қазан шегелейтін адам таба алмай отыр едік», - деп қонақасы береді екен. Содан соң бүркітші ақсақал тұғырын ортаға қойып құсын орнықты етіп отырғызып, оны күтіп баптауға қажетті барлық заттар, жағдайлар туралы балаларға, көрермендерге әңгімелеп береді.

«Иттің дауысы» жазбасымен ит жылы болып киінген

Ілгербек Онғар деген бала кіріп залды бір айналып шығады.

Құтты болсын, наурыз

Жалқаулық қас жауымыз!

Дала толып егінге

Малға толсын тауымыз!

Тәрбиеші:

Рахмет саған, Жаңа жыл!!

Қош келіпсің, Жаңа жыл!

Арман тойы халықтың!

Қуанышы халықтың!

Құтты болсын қадамың!

Ойынды саған арнадық!, - деп балаларға бой сергіту ретінде Оңғармен бірге «Қыз қуу» атты ұлттық ойын ойнатылады.

5- жапырақ. Сұрақ: *Қазақтың қандай ұлттық музыкалық аспаптарын білесіңдер?*

Тәрбиеші: О, бұл сұраққа жауабымыз дайын. Солай ма, балалар?

Балалар: *Домбыра, қобыз, сыбызғы, дауылпаз, сырнай, т.б..*

Тәрбиеші:

Домбырасыз сән қайда?

Ән мен күй бар өмірде

Домбырасыз ән қайда?

От та лаулап жанбай ма?

Айшуақ:

Меруерт:

Кел, балалар, ойнайық

Наурыз тойым, наурыз тойым

Наурыз тойын тойлайық!

Құтты болсын, халайық!

Баянды боп мереке

Көне, достар, көне, достар,

Қыр гүліндей жайнайық!

Шырқап әнге салайық!

«Домбырасыз ән қайда?» әні.

6-жапырақ. Сұрақ:

Халықтың түсінігі бойынша наурыздың 22-сіне қараған түні даланы кім аралайды?

Көрермендермен жұмыс: «Самалық» деген не? Естулеріңіз бар ма?

Тәрбиеші: Самалық – самал деген мағынаны білдіреді. Наурыз күні даланы Қыдыр ата, басқа деректерге сүйенсек Қызыр баба аралап, Самарқанның көк тасын ерітеді деген адамдар самалық айтады екен.

Самалық жыры.

Тәрбиеші: Самалық, самалық,

Қан тауының көк құсы

Ұйқыдан көзін ашты ма?

Балалар: Ашты, ашты! - деп жауап береді.

Тәрбиеші: Самалық, самалық,

Самарқанның көк тасы

Жібіді ме, көрдің бе?

Балалар: Жібіді, жібіді! Көрдік, көрдік! - деп жауап береді

Тәрбиеші: Оны қайдан білдіңдер?

Балалар: Міне, біздің арамызда Қыдыр отыр! - деп жауап береді.

Ұлағат:

Ұлыс күні кәрі, жас

Құшақтасып көріскен.

Жаңа ағытқан төлдердей

Жамырасып, өріскен,

Аталар бата беріскен.

Тәрбиеші: Олай болса, кішкентай Қыдыр - Мұралұлы Мұхтардың наурыз батасына кезек берейік. Барлықтарыңыз қол жайып, бата тілеңіздер!

«Бата беру» рәсімі.

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!

Төрт түлік ақты болсын,

Жиналған жұрт бақты болсын!

Ұлыс береке берсін,

Пәле, жала жерге енсін!

Әумин!

7-жапырақ. Сұрақ: «Қабак сындыру» дегенді қалай түсінесің?

«Қабак сындыру» рәсімі.

Тәрбиеші: Осы рәсімді жүргізуге ортаға балабақша менгерушісі М.

А.Ержомартты шақырамын

Сүт көп, көмір аз.

Ескі жыл есірке,

Жаңа жыл жарылқа,

— деп ескі ыдысты (қабакты) сындырып, «қабак сынды, қайғы кетті» деп ырым жасайды.

Наурыз қыз: Наурыз мейрамында ауылдарды аралап, наурыз көже ішу керек. Ендеше мен де басқа ауылдарды аралап, қыдырып қайтайын. Келесі жылы аман есен кездесейік, достар! - деп кетуге ыңғайланады.

Сау болындар, балалар, сау болындар! деп шыр көбелек айналып билеп, залдан шығып кетеді.

Онғар:

Күттіріп келген Жыл басы

Бізбен бірге жырладың!

Дастарханға халқымның

Береке, ырыс сыйладың

Тәрбиеші: Құрметті жиналған қауым. Байқасам барлықтарыңыздың көңіл күйлеріңіз тамаша сияқты. Өздеріңіз білесіздер, Қазақстан - көпұлтты мемлекет. Олардың барлығы да бізбен бірге әр мерекемізді тойлайды.

Сондықтан, ертеңгілігіміздің соңына қалдырып отырған «Қазақша летка енка» деген биіміз бар. Қабыл алыңыздар!

«Летка енка» биі. Ұлдар.

Тәрбиеші: Осымен бізге берілген уақыт таяп қалды, мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды. Ертеңгілігімізді «Қасиет еткен халқымыз, жаңғыртар дәстүр-салтымыз» деп атағандықтан айтарым бар. Салт-дәстүрлеріміздің кейбірі халық арасында кеңінен пайдаланылып жүрген болса, кейбірі ұмыт қалып барады. Сол себепті оларды біле жүру, кей-кейде өмірде іске асыру да артық етпес.

«Аунату» дәстүрі. Мақсаты: Ер жеткенде еліне елеулі, халқына қалаулы жан болсын! - деп халқымыз үйіне келіп қонақ болған адамдардың отырса, отырған жеріне, қонса, жатқан жеріне «Баламыз осы адамға тартсын, бойына осы адамның қасиеттері қонсын!» деп ырымдап, балаларын аунатып алатын болған. Рұқсат етсеңіздер, мен де соны жасамақпын. Осы орайда ауылдық аурухана дәрігері немесе мектеп директоры орындарының бірін таңдап алу. **Гіміңханұлы Ақтілекті аунату. Қонақтарға сөз беру.**









ЕРТЕҢГІЛІК

Қасиет еткен халқымыз, жаңғыртар дәстүр-салтымыз

Ұлыстың ұлы күні қарсаңында Бозанбай ауылындағы «Айгөлек» балабақшасының «Айналайын» мектепалды даярлық тобында «Қасиет еткен халқымыз, жаңғыртар дәстүр-салтымыз» атты аудандық ертеңгілік өтті.

Мереке залының безендірілуі ерекше тартымды болды: сахнада шарлардан күн жасалып, алты қарлығаш «Наурыз» сөзінің алты әріпін тістеп тұрса, төбеде түрлі-түсті шарларда жылы жақтан ұшып келіп жатқан құстар ілініп тұрды, ал ортада ақ қарда өсіп тұрған бәйшешектер аланы, сол жақ керегеге аю терісі ілініп, оның етегіндегі текеметке ер балалар орналасса, сол жақтағы кереге түбіне бесік маңына қыз балалар отырғызылды. Ата-аналардың безендірген наурыз дастарханы 16 түрлі ұлттық тағам түрлерімен көз тартып тұрды.

Ертеңгілікті ер балалар мен тәрбиеші «Наурыз - көктем» әнімен кіріп, Інжу Құрманбек пен Олжас Түлебаев атты балалар жүргізушілік етіп, өлең шумақтарымен ашты. Ал Наурыз-Ару қыз балаларды ертіп кіріп, әртүрлі сұрақ-тапсырмалары бар жеті жалырақты сиқырлы гүл ұсынды. Бағдарлама осы жеті жалырақты гүлдің тапсырмаларына негізделді.

Ертеңгілік мақсаттарына

сай, осы заманымызға жеткен салт-дәстүрлермен қатар көптеген көне рәсімдер мен дәстүрлер көрсетілді. Атап айтатын болсақ: көпшілікке таныс «Көрісу», «Сүйінші сұрау», «Ат қою» дәстүрлерімен қатар ұмытылып бара жатқан «Қар мен қоянның айтысы»,

«Қыз қуу» ұлттық ойыны да қызықты өтті, бұл ойын қазақтың күйлерімен көмкерілді. Қыздар «Көктем гүлі» биін билеп, ұлдар болса «Қазақша летка-енка» биін тарту етті. Балалар «Наурыз келді, балалар!» және балабақшаның музыка жетекшісі, жас ма-

жыл еңбек сіңіріп, зейнеткерлік жасқа жеткен Сәуле Саяковаға балабақша меңгерушісі М.Ержомарт өз атынан алғыс хатпен және ұжым атынан «Орамал тон болмайды, жол болады» деген қазақ ырымына сүйеніп, азын-аулақ сыйын ұсынды.

дәстүрінде ер жеткенде мықты дәрігер болсын деп ырымдап, Гімнхан Ақтілекті Муслима Хамитовнаның отырған орнына аунатса, Алдияр Сейітәшімовқа мереке күнінде дүниеге келген сәбидің қуанышына «Сүйінші» сұратты.

Ертеңгілік барысында балаларға және көрермендерге таңғажайып көңіл күй сыйлаған Кенеш ақсақал туралы ерекше тоқталып өткім келеді. Кенеш ақсақал балаларға естен кетпес қызықты сәт сыйлады, оларға бүркітті күтіп баптауға қажетті әбзелдерін көрсетіп, әңгімелеп берді.

Меңгеруші ретінде жыл көлемінде оқу-тәрбие ісінде және де осы ертеңгілікті дайындап өткізу барысында топ тәрбиешісіне қолдау мен көмектерін аямаған «Айналайын» мектепалды даярлық тобының ата-аналарына балабақшамыздың қоғамдық өміріндегі белсенділігі үшін алғысымды білдіремін. Бармақтарынан бал тамған аналарды және темір тұлпарларын тік тұрғызып, осы күннің ауырын көтеріп алған Гімнхан Ақтілек пен Ілгербек Оңғардың әкелерін ерекше атап өткім келеді.

Осындай деңгейдегі ертеңгілікті ұйымдастырған топ тәрбиешісі Асима Ағзамқызына алғыс айтамын.

**М.ЕРЖОМАРТ,
«Айгөлек»
балабақшасының
меңгерушісі**



«Самалық жыры», «Қабак сындыру», «Қазан шегелеу», «Аунату» сынды көне дәстүрлер де қамтылды.

Балабақша тәрбиешілері түрлі ертегі, аңыз кейіпкерлеріне айналып, балалардың көшін қызықты ете түсті.

ман Жеңісбек Аманжолмен бірге «Домбырасыз ән қайда?» әндерін орындады.

Мерекелік ертеңгіліктің қадірлі қонақтары да өздерінің сәлемдемесін ала келген екен. Аудандық білім бөлімінің денсаулық сақтау саласына көп

Бозанбай орта мектебінің директоры Ардақ Кабдуалиев-на мен ауылдық аурухананың дәрігері Муслима Хамитовна да қызықты, мағыналы ертеңгілікті тамашалағандарын айтып, өз ризашылықтарын білдірді. Тәрбиеші «Аунату»



НАҒЫР
КӨКІЛ



КМ

№ 13' 30 НҒЫРЫЗ 2018 ЖҰРГІЗ ЖАЛҒЫ

www.kumal.kz

Нұр себеле, Наурыз Ұлыстың Ұлы күні

Бозанбай ауылындағы «Айгөлек» балабақшасының «Айналайын» мектепалды даярлық тобында «Қасиет еткен халқымыз, жаңғыртар дәстүр-салтымыз» атты аудандық ертеңгілік өтті.



Наурыз мерекесінде ата-аналардың 16 түрлі ұлттық тағам түрлерін әзірлеген наурыз дастархан-дары көздің жауын алды.

Ертеңгілікте Наурыз-Ару қыз балаларды ертіп кіріп, әртүрлі сұрақ-тапсырмалары бар жеті жапырақты сиқырлы гүл ұсынды. Мерекелік бағдарлама осы жеті жапырақты гүлдің тапсыр-маларына негізделді. Салт-дәстүрлермен қатар көптеген көне рәсімдер мен дәстүрлер көрсетілді. Ұлыстың Ұлы күнінде «Көрісу», «Сүйінші сұрау», «Ат қою» дәстүрлерімен қатар ұмытылып бара жатқан «Қар мен қоянның айтысы», «Самалық жыры», «Қабак сындыру», «Қазан шегелеу», «Ау-нагу» сынды көне дәстүрлер де қамтылды.

Көрісу рәсімінен соң әженің ролін Гульяз Се-менова, Жер-Ананың ролін Дүйсен Жанылсын, Әсемгүл Жәлелқызы Күн Ана болса, От-Ана болған балабақшаның тәрбиеленушісі Ілгербек Онғардың анасы Алмагүл өз өнерлерін көрсетіп, көрермендерді тәнті етті.

Ұлттық салт-дәстүр жаңғырып, қыз қуу сынды ұлттық ойындар ойнатылды. Сауле Тұрымтайқызы «Ат қою» рәсімін жүргізді. Тәрбиеші «Ауна-ту» дәстүрінде ер жеткенде мықты дәрігер бол-сын деп ырымдап, Гімнхан Ақтілекті Муслима



Хамитқызының отырған орнына ау-натса, Сейітәшімов Алдиярға мере-ке күнінде дүниеге келген сәбидің қуанышына «Сүйінші» сұрағты.

Наурыз мерекесінде Сауле Саякова Алғыс хатпен марапатталып, естелік сыйлық тарту етілді.

Ертеңгілік барысында балаларға және көрермендерге таңғажайып көңіл- күй сыйлаған Кенеш ақсақал туралы ерекше тоқталып өткім келеді. Кенеш ақсақал балаларға естен кетпес қызықты сөз сыйлады, оларға бүркітті күтіп баптауға қажетті әбзелдерін көрсетіп, әңгімелеп берді. Ол адам тамыз айында бүркіттің қанаты сыған балапанын тауып алып, осы уаққа дейін оны бағып-қағып, камқорлық көрсетіп келген екен. Бұл дегеніміз көне дәстүрді жақсы танытын ақсақалдың азаматтық ерлігі емес пе?!

Балабақшаның менгерушісі ретінде жыл көлемінде оқу-тәрбие ісінде және де осы ертеңгілікті дайындап өткізу барысында топ тәрбиешісіне қолдау мен көмектерін аямаған «Айналайын» мектепалды даярлық тобының ата-ана-ларына, Гімнхан Ақтілек пен Ілгербек Онғардың әкелерін балабақшамыздың қоғамдық өміріндегі белсенділігі үшін алғысымды білдіремін. Осындай ауқымды тәлімді-тәрбиесі зор шараны ұйымдастырған тәрбиеші Ағзам Асима Ағзамқызының да еңбегі өте зор.

Меруерт ЕРЖОМАРТ,
«Айгөлек» балабақшасының
менгерушісі